# CT-S300 Casiotone

KAZ

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Қуат көзін дайындау

Аспапты қосу және өшіру

Құлаққапты қосу (бөлек сатылады)

Басқышты қосу (бөлек сатылады)

Музыкалық аспаптың тембрін таңдау

Дыбыс жоғарылығын жарты тонға ауыстыру («Транспозициялау»)

Дәл теңшеу (күйге келтіру)

«SUSTAIN» батырмасын қолдану

Аспапты күйге келтіру параметрлерін сақтау және жүктеу («Менің баптауларым»)

Кіріктірілген композицияны ойнату

«Би музыкасы» режиміндегі ойын

„Би музыкасы“ режимінде дауысты қолдану

Ырғақты сүйемелдеумен ойнау

Интеллектуалды аспаппен байлам („APP“ функциясы)

Функцияларды бағдарламалау

CTS300-KAZ-2B

CASIO®

## Бұйым жиынтығынан және бөлек сатылатын жабдықтар

Осы синтезатормен бірге пайдалануға арналған жабдықтарды ғана қолданыңыз.
Рұқсат етілмеген жабдықтарды пайдалану өрттің, электр тогының соғуының, жарақат алу қаупін тудырады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Бөлек сатылатын жабдықтар туралы ақпаратты, дүкенде орналасқан «CASIO» өнім каталогынан және «CASIO» сайтынан алуға болады, оған төменде келтірілген адрес пен QR-код бойынша қол жеткізуге болады.
  https://support.casio.com/global/ru/emi/manual/CT-S300/

## Ноталар туралы

Ноталарды PDF-файлы түрінде «CASIO» сайтынан жүктеуге болады, оған төменде келтірілген адрес пен QR-код бойынша қол жеткізуге болады. Бұл ноталарды интелектуалды аспапта көруге мүмкіндік береді. PDF-файлындағы мазмұннан ноталардағы керекті композицияға өтуге және қажет болған жағдайда оларды басып шығаруға болады.
https://support.casio.com/global/ru /emi/manual/CT-S300/


- Осы нұсқаулықтың мазмұнын толығымен немесе ішінара көшіруге тыйым салынады. Осы нұсқаулықтың мазмұнын жеке пайдаланудан басқа, «CASIO» келісімінсіз пайдалануға авторлық құқық туралы заңдармен тыйым салынады.
- «CASIO» КОМПАНИЯСЫ ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ НЕМЕСЕ БҰЙЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІН ЕМЕСТІГІ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН ҚАНДАЙ ДА БІР ЗАЛАЛ ҮШІН (АТАП АЙТҚАНДА, ҰТЫЛҒАН ПАЙДАҒА, ҚЫЗМЕТТЕГІ ҮЗІЛІСКЕ, АҚПАРАТТЫ ЖОҒАЛТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЗАЛАЛДАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА), ТІПТІ «CASIO» КОМПАНИЯСЫНА МҰНДАЙ ЗАЛАЛДЫҢ БОЛУ МҮМКІНДІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНҒАН БОЛСА ДА, ЕШБІР ЖАҒДАЙЛАРДА ДА ЖАУАПТЫ БОЛМАЙДЫ.
- Осы нұсқаулықтың мазмұны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.
- Бұйымның сыртқы түрі осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы суреттерде көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
- Осы нұсқаулықта көрсетілген компаниялар мен бұйымдардың атаулары басқа компаниялардың тіркелген сауда белгісі болуы мүмкін.

# Мазмұны


**Жалпы нұсқаулар......................................KAZ-3**

**Ойнауға дайындық................................KAZ-4**

Қуат көзін дайындау.................................KAZ-4
Пюпитрді дайындау. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-5
Құлаққапты қосу
(бөлек сатылады) . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-6
Басқышты қосу (бөлек сатылады) . . . . . . . . . . . KAZ-6

**Барлық режимдерге ортақ әрекеттер.......KAZ-6**

Дисплейдегі сурет мазмұны. . . . . . . . . . . KAZ-6
„HOME“ батырмасы. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-6
Үш батырма . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-7
Диск реттегішімен әрекеттер . . . . . . . . . . . . . .KAZ-7

**Пернетақтада ойнау...............................KAZ-7**

Аспапты қосу және өшіру. . . . . . . . . . . . . KAZ-7
Аспапты қосу және өшіру . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-8
Метрономмен жұмыс . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-9
Көрсетілімділік ойнатуды тыңдау . . . . . . . . . . .KAZ-10

**Орындау дыбысын басқару...................KAZ-10**

Музыкалық аспаптың тембрін таңдау . . . KAZ-10
Пернелердің жанасу ерекшелігіне сезімталдығын өзгерту
(динамикалық сезімталдық). . . . . . . . . KAZ-11
Басқышты қолдану . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-11
Тон жоғарылығының дөңгелегін басқару . . . . .KAZ-12
«SUSTAIN» батырмасын қолдану . . . . . . . . . . .KAZ-12
Дыбыстарға реверберацияны қосу. . . . . . . . . KAZ-12
Дыбыс жоғарылығын жарты тонға ауыстыру
(транспозициялау) . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-13
Дәл теңшеу (күйге келтіру) . . . . . . . . . . . . . KAZ-13

**Аспапты күйге келтіру параметрлерін сақтау және жүктеу («Менің баптауларым») KAZ-14**

«Менің баптауларымда» сақтау . . . . . . . . . . .KAZ-14
«Менің баптауларымнан» шақыру. . . . . . . . . KAZ-15

**Кіріктірілген композицияны ойнату KAZ-16**

Композициялар. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-16
Ойнату үшін композицияны таңдау . . . . . . . .KAZ-16
Композицияның тембрін пернетақтаға белгілеу
(тембрді синхрондау) . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-18
Композиция партияларын жетілдіру . . . . . . .KAZ-18
Композиция тактісімен санау шығару . . . . . .KAZ-19

**«Би музыкасы» режиміндегі ойын KAZ-20**

«Би музыкасы» режимі . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-20
Би музыкасын орындау . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-21
Ұсынылған тембрді қолдану. . . . . . . . . . . . .KAZ-23
„ Би музыкасы“ режимінде дауысты қолдану.KAZ-23
Эффектілерді қолдану. . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-23
Орындау кезінде шарықтау шегін құру . . . . . .KAZ-24

**Ырғақты сүйемелдеумен ойнау................KAZ-24**

Ырғақ..............................................................................KAZ-24
Ырғақты ойнату . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-24
Ұсынылған стиль параметрлерін қолдану. . . . KAZ-26
Стиль моделін өзгерту. . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-26
Қыстырма фраза қосу . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-27
Ырғаққа аккомпанементті қосу үшін аккорд алуKAZ-27
Кіріспе немесе аяқтаманы кірістіру . . . . . . . . KAZ-29

**Сыртқы құрылғыларды қосу...................KAZ-30**

Интеллектуалды аспаппен байлам („APP“ функциясы “) . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-30
Компьютерге қосу және MIDI қолдану . . . . . . . KAZ-31
Аудиоаппаратураға қосу. . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-32

**Функцияларды бағдарламалау.................KAZ-33**

Параметрлерді орнату . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-33
Параметрлер тізімі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-33

**Анықтамалық ақпарат............................KAZ-36**

Ақаулықтарды іздеу және түзету. . . . . . . . . . . KAZ-36
Бұйымның техникалық сипаттамалары. . . . . . KAZ-37
Тембрлер тізбесі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-40
Соқпалы аспаптардың перне дыбысына сәйкестік кестесі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-43
Композиция тізімі . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-44
Би модельдерінің тізімі. . . . . . . . . . . . . . . . . . KAZ-44
Стиль тізімі. . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-45
Аккордтарды алу тәсілдерінің көрсеткіші . . . .KAZ-46
Аккордтардың мысалдары . . . . . . . . . . . . . . . . .KAZ-47

**MIDI Implementation Chart**

# Жалпы нұсқаулар

## ■ Алдыңғы панель




Диск реттегіші ☞KAZ-7

Үш батырма ☞KAZ-7

«Басына оралу»(**HOME**)батырмасы ☞KAZ-6

«Дыбыс деңгейі» (**VOLUME**) батырмасы ☞KAZ-8

«Іске қосу — тоқтату»(▶/■) батырмасы ☞KAZ-9, 16, 24

қуат көзі (⏻) батырмасы ☞KAZ-7

«Темп» (**TEMPO**) батырмасы ☞KAZ-9, 17, 22, 25

«Кідіріс» (**SUSTAIN**) батырмасы ☞KAZ-12

«Кідіріс» (**SUSTAIN**) батырмасы ☞KAZ-14

«Функция» (**FUNCTION**) батырмасы ☞KAZ-33

## ■ Сырт жағы

«9,5 В тұрақты ток» (**DC 9.5V**) шықпасы ☞KAZ-4

«Басқыш» (**PEDAL**) ұяшығы ☞KAZ-6

«Құлаққап — шығу сигналы» (**PHONES/OUTPUT**) ұяшығы ☞KAZ-6, 32

«**USB**» порты ☞KAZ-31

«Дыбыстық кіріс» (**AUDIO IN**) ұяшығы ☞KAZ-32




тон жоғарылығының дөңгелегі ☞KAZ-12

- **☞ белгісінің оң жағындағы сандар анықтамалық ақпарат парағының нөмірлері болып табылады.**

# Ойнауға дайындық

## Қуат көзін дайындау

Электр қуатты айнымалы токты адаптерден немесе батареядан алуға болатын болса да, айнымалы ток адаптерін пайдалану ұсынылады.

### Айнымалы ток адаптері арқылы электр қуат беру

<u>Синтезаторды тек көрсетілген айнымалы ток адаптерімен (JEITA стандарты, бірыңғай поляризацияланған ашамен) желіге қосыңыз.</u> Басқа типтегі айнымалы ток адаптері арқылы қосу зақым келтіруі мүмкін.

**Айнымалы ток адаптерінің типі — AD-E95100L (JEITA стандарт істікшесі)**




**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- **Айнымалы ток адаптерін қосар немесе ажыратпас бұрын, синтезаторды өшіріңіз.**
- **Ұзақ қолданғаннан кейін айнымалы ток адаптері қызады. Бұл қалыпты жағдай және ақаулықты білдірмейді.**
- **Сымның үзілуіне жол бермеу үшін желілік баусымға қандай да бір механикалық жүктеменің әсер етуін болдырмау.**




- **«DC 9.5V» шықпасына металл заттарды, қарындаштарды және басқа заттарды салмаңыз. Бұл жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін.**

### Батареядан электр қуат беру

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- **Батареяларды салмас бұрын міндетті түрде аспапты өшіріңіз.**
- **Электр қуат беру үшін АА тип өлшемді сілтілі батареяларын немесе сатылымда бар никель – металл гидридті АА тип өлшемнің аккумуляторларын пайдаланыңыз.**
- **Батареялардан әлсіз қуат алуы жұмыста бұзушылықты тудыруы мүмкін. Мұндай жағдайда батареяларды жаңасына айырбастау қажет. Аккумуляторлардан қуат алған жағдайда оларды зарядтаңыз.**

#### ■ Батареялар

Аккумулятормен жұмыс жасағанда келесі сақтық шараларын сақтаңыз.

- «Panasonic Group» AA тип өлшемді «eneloop» аккумуляторларын салыңыз.
  Басқа типтегі аккумуляторларды салмаңыз.
- Аккумуляторларды тек белгіленген зарядтау құрылғысымен зарядтаңыз.
- Аккумуляторларды зарядтау үшін оларды бұйымнан шығарыңыз.
- «Eneloop» аккумуляторлары мен олардың тағайындалған зарядтау құрылғысын пайдалану туралы ақпарат алу үшін пайдаланушының құжаттамасын оқып, тиісті сақтық шараларын және оларды тек нұсқау бойынша қолданыңыз.

Зарядтың біту белгілерінің бар болуына қарамастан, жылына кем дегенде бір рет батареяларды ауыстыруды ұмытпаңыз. Бұйымда қалған аккумуляторлар («eneloop») әсіресе тозуға тез ұшырайды. Аккумулятор батареяларын олардың зарядының бітуі кезінде бұйымнан тезірек алып тастау қажет.

**1. Синтезатордың сыртқы панелінде батарея бөлігінің қақпағын ашыңыз.**



**2. Батарея бөлігіне АА тип өлшемді 6 батареяны салыңыз.**

Оң (+) және теріс (-) полюстердің дұрыс бағытталуын бақылай отырып, батареяларды салыңыз.



**3. Батарея қақпағын тығындармен ойықтарға салыңыз және жабыңыз.**

- Орнатылған батареялардың типін көрсету үшін төменде келтірілген параметрді орнатыңыз.



### ■ «Батарея типі» параметрін қою

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «Battery» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы «Alkaline» (сілтілі батареялар) немесе «Ni-MH» (никель-металл гидридті аккумуляторлар) нұсқасын таңдаңыз.**
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

### ■ Батарея зарядының индикаторы

Дисплейде батарея белгішесінің пайда болуы, төменде көрсетілгендей, батарея қуатының төмендеуін көрсетеді.

Батареялардан қуат көзі аз




Батареяларды ауыстыру қажет




**ЕСКЕРТПЕ**
- Батареялардан аз қуат алған кезде дыбыстың бұрмалануы және басқа да бұзылулар пайда болуы мүмкін.
- Құлаққап арқылы тыңдау және дыбыс деңгейін төмендету батареяларды үнемдеуге көмектеседі.

## Пюпитрді дайындау

Пюпитр синтезатордың тұтқасына салынған.



## Құлаққапты қосу (бөлек сатылады)

Құлаққап қосылған кезде кіріктірілген динамиктерден ешқандай дыбыс шықпайды, бұл түнде ешкімді кедергі келтірмей жаттығуға мүмкіндік береді.

- Құлаққапты салмас бұрын синтезатордың дыбыс деңгейін төмендетуді ұмытпаңыз.




### ЕСКЕРТПЕ

- Құлаққап синтезатор жиынтығына кірмейді.
- Бөлек сатылатын немесе сатылымда бар құлаққаптар қосылады.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- **Ұзақ уақыт бойы құлаққап арқылы өте жоғары дыбысты тыңдамаңыз. Бұл есту қабілетінің бұзылу қаупін тудырады.**
- **Егер құлаққаптың істікшесі «PHONES/OUTPUT» ұяшығына сәйкес келмесе, оларды сатылымда бар жалғастырғыш тетік арқылы қосыңыз.**
- **Егер құлаққап жалғастырғыш тетік арқылы қосылуды қажет етсе, ажыратқан кезде оны ұяшықта қалдырмаңыз.**

## Басқышты қосу (бөлек сатылады)

Басқышты қолдану үшін ол «**PEDAL**» ұяшығына қосылады.




# Барлық режимдерге ортақ әрекеттер

## Дисплейдегі сурет мазмұны




① Функция атауы
② Кідіріс
③ Батарея белгішесі
④ Темп
⑤ Берілген мән
⑥ Күйі
⑦ Үш батырманың функциялары
⑧ Кіші функция атауы
⑨ Баптау параметрі
⑩ Берілген мән

Дисплейдің контрастын қалай реттеуге болатындығы туралы ақпаратты «Функцияларды бағдарламалау» тарауынан қараңыз (KAZ-33 бет).

## „HOME“ батырмасы

«**HOME**» батырмасын басу тембрді таңдауға мүмкіндік беретін [TONE] экран бетінің пайда болуына әкеледі. Бұл аспаптың түрін таңдауға және баптаулардың әртүрлі параметрлерін орнатуға қызмет ететін экранның бастапқы беті.



## Үш батырма

Дисплейдің астында оның төменгі жиегінде үш батырма бар, олардың функциялары көрсетілген баптаулар параметрлері бойынша анықталады. Қазіргі уақытта осы үш батырмаға қандай әрекеттер тағайындалғаны батырмалардың үстіндегі жолда көрсетіледі.

### Үш батырманың нұсқаларының үлгілері

**■ Экранның бастапқы беті (тембрді таңдауға арналған экран беті)**




**■ Баптаушы экран беті**




- Нөмірді немесе мәнді таңдағанда – немесе + батырмасын ұзақ басу олардың жылдам айналдыруын қамтамасыз етеді.
- Бастапқы нөмірді немесе әдепкі қалпы бойынша мәнді немесе ұсынылған мәнді қалпына келтіру үшін – және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.

## Диск реттегішімен әрекеттер

Диск реттегішін бұру арқылы нөмірдің (тембрдің және т.б.) немесе мәннің (темптің және т. б.) өзгеруі жүзеге асырылады.

# Пернетақтада ойнау

## Аспапты қосу және өшіру

**1. ⏻ қуат батырмасын басыңыз.**

Аспап қосылады.

- Аспапты өшіру үшін ⏻ қуат батырмасын дисплей сөнгенше дейін басып тұрыңыз.



**2. Ойнауды бастау.**

### ЕСКЕРТПЕ

- Аспапты қосқан кезде, тон жоғарылығы дөңгелегін қолмен ұстамаңыз.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- **Аспапты өшіру, әдетте, тембр және стиль нөмірлерін және басқа параметрлерді бастапқы қалпына келтіреді. Сонымен қатар, төменде келтірілген параметрлердің мәндері есте сақталады.**
  - **MIDI шығару арнасы**
  - **Шығыс MIDI хабарламасында октавалық жылжу**
  - **MIDI-хабарламаның шығыс жылдамдығы**
  - **Іске қосылғаннан кейінгі дыбыс деңгей**
  - **Іске қосылғаннан кейінгі «Менің баптауларым»**
  - **Автоматты түрде өшіру**
  - **Батарея типтері**
  - **СКД контрасты**

## Автоматты түрде өшіру

Автоматты түрде өшіру функциясы қосылған кезде синтезатор шамамен 30 минут жұмыс істемегеннен кейін автоматты түрде өшеді.

### ЕСКЕРТПЕ

- Композицияны ойнату және «APP» функциясын қолдану кезінде автоматты түрде өшіру ажыратылған.

### ■ Автоматты түрде өшіру функциясын өшіру

Автоматты түрде өшіру функциясын аспаптың концерт және т.б. кезінде автоматты түрде өшіп қалуын болдырмау үшін ажыратып қоюға болады.

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «Auto Power Off» пунктін таңдаңыз.**

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін солға бұрып, «Off» нұсқасын таңдаңыз.**

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

## Дыбыс деңгейін реттеу

**1. «VOLUME» + және – батырмалары көмегімен дыбыс деңгейін реттеңіз.**

Дыбыс деңгейі өзгереді, дисплейде оның ағымдағы мәні ұзақ емес пайда болады.

- Көлемі 0-ден 10-ға дейінгі аралықта орнатылады.
- Батырмалардың кез-келгенін ұзақ басу, параметр мәндерін ауыстыруын қамтамасыз етеді.




## Қосқаннан кейін орнатылған дыбыс деңгейін белгілеу

Синтезатор, төменде сипатталған тәртіппен, қосқаннан кейін берілетін дыбыс деңгейін орнатуға мүмкіндік береді.

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «PowerOnVolume» пунктін таңдаңыз.**

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы дыбыс деңгейін таңдаңыз.**

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

## Метрономмен жұмыс

Метроном біркелкі ырғақты қамтамасыз етеді және ойнау мен жаттығу кезінде белгілі бір темпті сақтауға көмектеседі. Сондай-ақ, сабаққа қолайлы темпті орнатуға болады.

### Қосу, тоқтату

**1. «HOME» батырмасын басыңыз.**
Экранның бастапқы беті пайда болады.

**2. ►/■ батырмасын басыңыз.**
Метроном қосылады.




**3. Метрономды тоқтату және экранның бастапқы бетіне оралу үшін ►/■ батырмасын тағы бір рет басыңыз.**

### Метрономның темпін өзгерту

Метрономның темпін өзгерту төменде сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады.

**1. Метрономды қосыңыз.**

**2. «TEMPO» батырмасын басыңыз.**
[TEMPO] экран беті пайда болады.




**3. Диск реттегішін бұру немесе - және + батырмалары арқылы темп мәнін өзгертіңіз.**

- Темп мәні 20—255 интервалында орнатылады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- [METRONOME] экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.

#### Метроном дыбысын және тактіде бөлшек санын белгілеу

Төменде сипатталған әрекет метрономды бағдарламалауға мүмкіндік береді, осылайша әрбір тактінің бірінші бөлшегі қоңырауланып, қалғаны шерту арқылы басылады.

- Бар нұсқалары: өшіру, сондай-ақ 1-ден 16-ға дейінгі бөлшектер мәні.

**1. Метрономды қосыңыз.**

**2. Диск реттегішін бұру немесе – және + батырмалары арқылы тактідегі бөлшектер санын орнатыңыз.**

- «Off» нұсқасын таңдағанда, қоңырау өшеді және барлық бөлшектерде шерту дыбысы естіледі. Бұл нұсқа бірінші такт бөлшегіне назар аудармай жаттығу үшін қолданылады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + пернелерін бір уақытта басыңыз.
- Метрономның дыбыс деңгейін белгілеуге арналған экран бетін ашу үшін үштіктегі «VOLUME» батырмасын басыңыз.




### Метрономның дыбыс деңгейін өзгерту

**1. Метрономды қосыңыз.**

**2. Үштіктегі «VOLUME» батырмасын басыңыз.**




Метрономның дыбыс деңгейін белгілеу үшін экран беті пайда болады.




**3. Диск реттегішін бұру немесе – және + батырмалары арқылы дыбыс деңгейінің мәнін өзгертіңіз.**

- Дыбыс деңгейін 0-ден 127-ге дейін орнатуға болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Бөлшек санын орнатуға арналған экран бетін ашу үшін «BEAT» батырмасын басыңыз.

## Көрсетілімділік ойнатуды тыңдау

«Көрсетілімділік ойнату» функциясы «кіріктірілген» композицияларды бірінен соң бірін ойнатуға мүмкіндік береді.

**1. «TEMPO» батырмасын басып, оны жібермей ►/■ батырмасын басыңыз.**

[DEMO] экран беті пайда болады, № 1 композицияны ойнату басталады.

- Дисплейде ағымдағы композицияның нөмірі мен атауы көрсетіледі.
- Композиция атауларының тізімін «Композиция тізімі» бөлімінен қараңыз (KAZ-44 бет).
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**2. Ағымдағы композициядан екіншісіне ауысу үшін диск реттегішін бұраңыз.**

Таңдалған композицияның көрсетілімділік ойнатылуы басталады.

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.

**3. Көрсетілімділік ойнату режимінен шығу үшін «EXIT» немесе ►/■ батырмасын басыңыз.**

# Орындау дыбысын

## Музыкалық аспап тембрін таңдау

Бұл синтезатор музыкалық аспаптардың кең ауқымындағы дыбыстарды таңдауға мүмкіндік береді: скрипка, флейта, тұтас оркестр және басқалары. Аспапты ауыстырғаннан кейін сол композиция басқаша естіледі.

### Пернетақтада ойнауға арналған аспаптың тембрін таңдау

**1. «HOME» батырмасын басыңыз.**

Экранның бастапқы беті пайда болады.

**2. Диск реттегішін бұру арқылы тембрді таңдаңыз.**

Дисплейде таңдалған тембр нөмірі және аспаптың атауы пайда болады.

- Тембрлер туралы ақпаратты «Тембрлер тізбесі» бөлімінен қараңыз (KAZ-40 бет).
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бірінші тембрге оралу үшін тембрлер тізбесінде – және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**ЕСКЕРТПЕ**

- Соқпалы аспаптар жинағынан тембр таңдаған кезде пернелерге әртүрлі соқпалы аспаптар тағайындалады.

## Пернелердің жанасу ерекшелігіне сезімталдығын өзгерту (динамикалық сезімталдық)

Динамикалық сезімталдық перненің басылуына (басу жылдамдығына) байланысты дыбыс деңгейінің өзгеруін қамтамасыз етеді. Бұл акустикалық фортепианоға тəн əсерлілікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

### Пернетақтаның динамикалық сезімталдығын өзгерту

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **жəне** I **батырмалары арқылы «Touch Response» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы параметр мəнін өзгертіңіз.**
Динамикалық сезімталдықтың нұсқалары төмендегі кестеде сипатталған.

| Нұсқа (индикация) | Сипаттамасы |
|---|---|
| Өшір. (Off) | Динамикалық сезімталдық өшірілген. Дыбыс деңгейі пернелерді басу жылдамдығына байланысты емес. |
| Қатты (Light) | Ақырын басқан кезде де қатты дыбыс шығады. |
| Кəдімгі (Normal) | Қалыпты сезімталдық. |

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – жəне + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мəнді қалпына келтіру үшін - жəне + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.

**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

## Басқышты қолдану

Басқышты қолдану шығарылатын дыбыстарды өзгертуге мүмкіндік береді. Бастапқы əдепкі қалпы бойынша параметрлерде басқышқа дыбысты кідірту функциясы беріледі, бұл басқышты демпфер ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.
- Басқыш блок синтезатордың жиынтығына кірмейді. Ол дүкенде бөлек сатып алынады.

### Басқыштың эффектісін таңдау

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
«FUNCTION» батырмасын басыңыз.

**2.** U **жəне** I **батырмалары арқылы «Pedal» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы басқыш эффектісінің типін таңдаңыз.**
Төменде қолжетімді басқыштың эффектілері көрсетілген.

| Нұсқа (индикация) | Сипаттамасы |
|---|---|
| Басқыш арқылы кідіріс (Pedal Sustain) | Басқышты басқан кезде алынған дыбыстар пернелерді жібергеннен кейін де дыбысталуды жалғастырады. |
| Состенуто (Sostenuto) | Басқышты басқанға дейін алынған дыбыстар, егер сіз пернелерді жібермес бұрын оны бассаңыз ғана дыбысталуды жалғастырады. |
| Модератор (Soft) | Басқышты басқан кезде алынған дыбыстар сəл жіңішкерек естіледі. |
| Қосу, тоқтату (Start/Stop) | Басқыштың функциялары ►/■ батырмасының функцияларымен сəйкес келеді. Басқыш метрономды да, стильді ойнатуды да қосуға жəне тоқтатуға мүмкіндік береді. |

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – жəне + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мəнді қалпына келтіру үшін - жəне + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.

## Тон жоғарылығының дөңгелегін басқару

Тон жоғарылығының дөңгелегі алынған дыбыстардың жоғарылығын біртіндеп ұлғайтады және төмендетеді. Бұл мүмкіндік электр гитара мен саксофонның «бенд» эффектілерін ойнатуға мүмкіндік береді.

**1. Пернетақтадағы дыбысты оң қолыңызбен шығарып, сол қолыңызбен тон жоғарылығының дөңгелегін жоғары немесе төмен бұраңыз.**



Дыбыс модуляциясының шамасы тон жоғарылығы дөңгелегінің айналу дәрежесіне байланысты болады.

### Тон жоғарылығының ауытқу диапазонын белгілеу

Дөңгелектің бір және басқа бағытта максималды айналуы кезінде тон жоғарылығының ауытқу шамасы жарты тон қадамымен реттеледі.

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**




[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «PitchBendRange» пунктін таңдаңыз.**

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.

**3. Диск реттегішін бұру арқылы тон жоғарылығының ауытқу диапазонын белгілеңіз.**




- Диапазон 0-ден 12-ге дейінгі интервалда орнатылады.
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.

**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

## «SUSTAIN» батырмасын қолдану

Кідіріс функциясы қосылған кезде пернелерді жібергеннен кейін дыбыстардың дыбысталуы ұзартылады.

**1. «SUSTAIN» батырмасын басыңыз.**

Қысқа мерзімді «SUSTAINON» хабарламасы пайда болады.

- Кідіріс функциясы қосулы екенін дисплейдің жоғарғы жағындағы «SUS» индикациясы көрсетеді.




**2. Кідіріс функциясын өшіру үшін «SUSTAIN» батырмасын тағы бір рет басыңыз.**

## Дыбыстарға реверберацияны қосу

Төменде сипатталған әрекет реті алынған дыбыстарға реверберацияны қосуға мүмкіндік береді.

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «Reverb» пунктін таңдаңыз.**

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы реверберация типін таңдаңыз.**

Реверберацияның келесідей нұсқалары бар: «Off (өшір.)», «Room (бөлме)» 1—4, «Hall (зал)» 1—4, «Stadium (стадион)» 1 және 2.

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы нұсқаны қалпына келтіру үшін - және + пернелерін бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.



## Дыбыс жоғарылығын жарты тонға ауыстыру (транспозициялау)

Транспозициялау жалпы дыбыс жоғарылығын жарты тонға көтеруге және төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл функция қиын үндестікте жазылған шығарманы орындауды жеңілдету үшін үндестікті көтеруге және төмендетуге, сондай-ақ вокалистке, басқа музыкалық аспапқа және тағы басқаларға ыңғайлы пернені таңдауға мүмкіндік береді.

**1.** **«FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «Transpose» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3.** **Диск реттегішін бұру арқылы транспозициялаудың шамасын өзгертіңіз.**
- Мәнді орнатудың диапазоны бір октава жоғары (+12 жарты тон) және төмен (–12 жарты тон).
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




## Дәл теңшеу (күйге келтіру)

Төменде келтірілген әрекеттер реті бірінші октавадағы (A4) ля пернесінінің жиілігін 0,1 Гц қадаммен өзгерту арқылы жалпы дыбыс жоғарылығын реттеуге мүмкіндік береді.




**1.** **«FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «Tuning» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3.** **Диск реттегішін бұру арқылы дәл теңшеуді орындаңыз.**
- Жиілік 415,5—465,9 Гц диапазонда орнатылады.
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.



# Аспаптарды күйге келтіру параметрлерін сақтау және жүктеу («Менің баптауларым»)

«Менің баптауларым» синтезатордың күйге келтіру жинағын сақтауға мүмкіндік береді (тембр, стиль, басқа параметрлер).
Сақталған күйге келтіру жинағы белгілі бір композицияны орындағанда керек болуы мүмкін және т.б.

## «Менің баптауларымда» сақтау

**1. «MY SETUP» батырмасын басыңыз.**
[MY SETUP] экран беті пайда болады.

**2. «SAVE» батырмасын басыңыз.**
Дисплейде «Sure?» сұратымы пайда болады. Сондай-ақ негізгі параметрдің атауы да («TONE», «RHYTHM», «SONG», «DANCE MUSIC») пайда болады.

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**3. «YES» батырмасын басыңыз.**
Ағымдағы күйге келтіру жинағы «Менің баптауларымда» сақталады.

**4. Дисплейде «Complete» хабарламасы пайда болған кезде «OK» батырмасын басыңыз.**
Осы жерде сақтау операциясы аяқталады.




### Сақталатын параметрлер

«Менің баптауларым» төменде көрсетілген параметрлерді сақтауға мүмкіндік береді.

- Пайдаланылатын функция («Тембр», «Стиль», «Композиция», «Би музыкасы»)
- Темп
- Тембр нөмірі
- Метроном метрі
- Метроном дыбыс деңгейі
- Кідіріс
- Стиль нөмірі
- Модельдер
- Кірістірме
- Аккомпанемент
- Композиция нөмірі
- Жетілдірілетін партия
- Санау
- Тембрлерді синхрондау
- Би музыкасы моделінің нөмірі
- «Би музыкасы» режиміндегі дауыс
- Транспозициялау
- Динамикалық сезімталдық
- Реверберация
- Басқыш
- Тон жоғарылығының ауытқу диапазоны
- Кіріспе, аяқтама
- Аккордты алу режимі
- Стильдің дыбыс деңгейі
- Композицияның дыбыс деңгейі
- Би музыкасының дыбыс деңгейі
- Күйге келтіру

#### ЕСКЕРТПЕ

- Егер параметрлерді «Менің баптауларымда» сақтаған кезде тембрдің синхрондауы қосылған болса, «Менің баптауларымнан» шығарған кезде, «Менің баптауларымда» сақтамас бұрын, реверберация мәні өзгертілген болса да, тембрдің синхрондау жағдайына есептелген реверберация мәні қолданылады.

## «Менің баптауларымнан» шақыру

**1. «MY SETUP» батырмасын басыңыз.**
[MY SETUP] экран беті пайда болады.

**2. «LOAD» батырмасын басыңыз.**
Дисплейде «Sure?» сұратымы пайда болады. Сондай-ақ негізгі параметрдің атауы да («TONE», «RHYTHM», «SONG», «DANCE MUSIC») пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**3. «YES» батырмасын басыңыз.**
Сақталған параметрлердің шақырылуы жүзеге асырылады.

**4. Дисплейде «Complete» хабарламасы пайда болған кезде «OK» батырмасын басыңыз.**
Осы жерде шақыру операциясы аяқталады.




### Аспапты қосқан кезде «Менің баптауларымды» жүктеу белсендіріледі

Аспап қосылған кезде «Менің баптауларымды» жүктеуді белсендіру аспап әр қосылған сайын «Менің баптауларым» параметрлерінің төменде сипатталған тәртіпте қолданылуын қамтамасыз етеді.

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «PowerOnMySetup» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін оңға бұру арқылы «On» нұсқасын таңдаңыз.**
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

# Кіріктірілген композицияны ойнату

## Композициялар

Бұл синтезатор үшін «Композиция» сөзі «пьеса, музыка туындысы» дегенді білдіреді. Кіріктірілген композицияларды рақат алу үшін тыңдауға болады немесе оларды қатар ойнатумен бірге жаттығуға болады.

## Ойнату үшін композицияны таңдау

### Композицияны ойнатуды қосу және тоқтату

**1. «HOME» батырмасын басыңыз.**
Экранның бастапқы беті пайда болады.

**2. «SONG» батырмасын басыңыз.**
Бұрын таңдалған композицияның нөмірі мен атауы көрсетіледі.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы композицияны таңдаңыз.**
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. ►/■ батырмасын басу арқылы композицияны ойнатуды қосыңыз.**
Дисплейде ағымдағы тактінің нөмірі және бөлшек нөмірі пайда болады.
- Егер композицияда аккордтар туралы ақпарат қамтылса, дисплейде аккорд пайда болады.




**5. Композицияны ойнатуды тоқтату үшін ►/■ батырмасын тағы бір рет басыңыз.**




**ЕСКЕРТПЕ**
- Метроном дыбысы шыққан кезде немесе стиль немесе би музыкасы ойнатылғанда [SONG] экран бетінің пайда болуы олардың ойнатылуын тоқтатады.

### Алға және артқа қарай айналдыру

Айналдыру осы бөлімде сипатталғандай орындалады.

**■ Алға қарай айналдыру**

Композицияны ойнату кезінде «FF» батырмасын басу алға қарай айналдыруды қамтамасыз етеді.
- «FF» батырмасын бір рет басу бір тактіге алға ауысуға, ал ұзақ басу — батырманы жібергенге дейін алға қарай айналдыруға әкеледі.




**■ Артқа қарай айналдыру**

Композицияны ойнату кезінде «REW» батырмасын басу артқа қарай айналдыруды қамтамасыз етеді.
- «REW» батырмасын бір рет басу бір тактіге артқа ауысуға, ал ұзақ басу — батырманы жібергенге дейін артқа қарай айналдыруға әкеледі.



### Композицияның темпін (жылдамдығын) өзгерту

Төменде сипатталған әрекет реті темптің (жылдамдықтың) өзгеруіне және қиын пассаждарды жетілдіру үшін ойнатуды баяулатуға мүмкіндік береді.

**1. [SONG] экран беті ашық болған кезде, темпін өзгерту қажет композицияны таңдап, «TEMPO» батырмасын басыңыз.**
[TEMPO] экран беті пайда болады.

**2. Диск реттегішін бұру арқылы берілген темпті өзгертіңіз.**
- Темп мәні 20—255 интервалында орнатылады.
- – және + батырмалары арқылы да мәнді өзгертуге болады. Темпті баяулату үшін – батырмасын, жылдамдату үшін + батырмасын басыңыз. Батырмалардың кез-келгенін ұзақ басу параметр мәндерін аударуды қамтамасыз етеді.
- Ағымдағы композицияға ұсынылған мәнге оралу үшін бір уақытта - және + батырмаларын басыңыз.
- Композиция нөмірі өзгерген кезде оның ұсынылған темпі де қалпына келтіріледі.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




## Композицияның дыбыс деңгейін реттеу

Композицияны ойнату дыбыс деңгейі мен оны ойнату кезіндегі пернетақтаның дыбыс деңгейі арасындағы тепе-теңдікті реттеу төменде сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады.

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «Song Volume» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы дыбыс деңгейін реттеңіз.**
- Дыбыс деңгейін 0-ден 127-ге дейін орнатуға болады.
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

### Композицияны ойнату кезінде пернетақта тембрін өзгерту

**1. Композицияны ойнату кезінде «HOME» батырмасын басыңыз.**

Дисплейде таңдалған тембр нөмірі және аспаптың атауы пайда болады.

**2. Диск реттегішін бұру арқылы тембрді таңдаңыз.**

- Тембрлер туралы ақпаратты «Тембрлер тізбесі» (KAZ-40 бет).
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бірінші тембрге оралу үшін тембрлер тізбесінде – және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




## Композицияның тембрін пернетақтаға белгілеу (тембрді синхрондау)

Композицияның тембрін ойнатумен қатар ойнау үшін пернетақтаға белгілеу төменде сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады.

**1. Композиция ойнатылған немесе тоқтатылған кезде «FUNCTION» батырмасын ұзақ басып тұрыңыз.**

Қысқа мерзімді «RECOMMENDED» хабарламасы пайда болады, композицияның тембрі пернетақтаға беріледі.




**2. Композицияны ойнатумен қатар ойнауды бастаңыз.**

### ЕСКЕРТПЕ

- Тембрді синхрондау композициядан реверберация мәнін аспапта ойнау кезінде алынған дыбыстарға да қолдануды қамтамасыз етеді.
- Тембр немесе композиция өзгерген кезде тембрді синхрондау автоматты түрде өшеді.

## Композиция партияларын жетілдіру

Аспап ойнайтын композицияның сол немесе оң жақ қол бөлігін өшіріп, оны екінші бөлімді ойнатумен қатар жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл композицияны алдымен екі қолмен орындау қиын болып көрінген кезде қолданылады.

**1. Композицияны ойнату немесе тоқтату кезінде «PART» батырмасын басыңыз.**

«PART» батырмасын басу төменде көрсетілгендей нұсқаларды іріктеуді қамтамасыз етеді.

| | |
|---|---|
| Оң жақ қол партиясы өшірілген | RIGHT OFF |
| ↓ | |
| Сол жақ қол партиясы өшірілген | LEFT OFF |
| ↓ | |
| Екі партияның дыбысы өшірілген | BOTH OFF |
| ↓ | |
| Екі қол партиясы өшірілген | |

## Композиция тактісімен санау шығару

Аспап композиция тактісімен бірге уақытында шығатын санауды, сонымен қатар, композиция басталғанға дейін ойнатылатын кіріспе санауды бағдарламалауға мүмкіндік береді.

### Санау шығару

**1.** **Композиция тоқтатылған кезде «COUNT» батырмасын басыңыз.**

Дисплейде «CNT» индикациясы пайда болуы үшін батырманы бірнеше рет басыңыз.




**2.** **►/■ батырмасын басу арқылы композицияны ойнатуды қосыңыз.**

Композицияны ойнатумен қатар санау дыбысы шығады.

- Санауды өшіру үшін ойнатуды тоқтатып, дисплейдегі «CNT» индикациясының сөнуі үшін «COUNT» батырмасын бірнеше рет басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Санау дыбысы естілгенде, композицияны ойнату кезінде метр көрсетілмейді.

### Кіріспе санауды шығару

**1.** **Композиция тоқтатылған кезде «COUNT» батырмасын басыңыз.**

Дисплейде «PRE» индикациясы пайда болуы үшін батырманы бірнеше рет басыңыз.




**2.** **►/■ батырмасын басу арқылы композицияны ойнатуды қосыңыз.**

Ойнауды қашан бастау керектігін анықтауға көмектесетін кіріспе санау дыбысы естіледі.

- Кіріспе санауды өшіру үшін ойнатуды тоқтатып, дисплейдегі «PRE» индикациясының сөнуі үшін «COUNT»батырмасын бірнеше рет басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Кіріспе санау қосулы болғанда, композицияны ойнату кезінде метр көрсетілмейді.

# «Би музыкасы» режиміндегі ойын

## «Би музыкасы» режимі

«Би музыкасы» режимі бірнеше типтегі фразалық модельдерді біріктіріп, ойнату арқылы эффектілерді қолдана отырып, би музыкасын жасауға мүмкіндік береді. Әр түрлі партиялардың фразалық модельдерін біріктіре отырып, сіз диджей сияқты би музыкасын тамашалай аласыз.

«Би музыкасы» режиміне кірген кезде (KAZ-21 бет) төменде көрсетілгендей пернелер функциялары өзгереді.




### Пернетақтаның ауысу бөлігінің функциялары

Пернетақтаның сол жақ ауысу бөлігінің пернелері келесі функцияларды атқарады.




☐ **Фразалық модельдердің ауыстырып-қосқыштары**

Бұл пернелер фразалық модельдерді ауыстыру үшін қолданылады және олардың қосылуы мен өшірілуін қамтамасыз етеді. 4 партия бар: соқпалы, бас, синтезатор 1, синтезатор 2, бұған қоса әрқайсысына 3 түрлі фразалық модельдер берілуі мүмкін.

**▪ Эффектілерді ауыстырып-қосқыштар**

Эффектілерді ауыстырып-қосқыштар пернесі басылған кезде, тиісті эффект бүкіл композицияға қолданылады.(«Эффектілерді қолдану», KAZ-23 бет.)

**▪ Тректі қалпына келтіру ажыратқышы**

Композицияны ойнату кезінде осы пернені басқан кезде ағымдағы фразаның басына қайтару жүзеге асырылады.

**▪ Автоекпінді ауыстырып-қосқыштар**

Бұл пернелер би музыкасына тән екпін эффектілерін қолдануға мүмкіндік береді. («Орындау кезінде шарықтау шегін құру», KAZ-24 бет.)

## Пернетақтаның әуенді-дауыстық бөлігінің функциялары

Пернетақтаның оң, әуенді-дауыстық бөлігі әуенді модельді ойнаумен қатар ойнауға, сонымен қатар «Дауыс» функциясын қолдана отырып дауыстарды шығаруға мүмкіндік береді. («„Би музыкасы“ режимінде дауысты қолдану», KAZ-23 бет.)




### □ Айқай

«Би музыкасы» режимінде «Дауыс» параметрі қосылған кезде батырманы басқанда би музыкасына тән дауыс естіледі.

### ▪ Ән салу

«Би музыкасы» режимінде «Дауыс» параметрі қосылған кезде пернені басқанда әнге ұқсайтын дауыс естіледі.

### ЕСКЕРТПЕ

- Ән салып тұрған дауыс перне басылып тұрған кезде дыбысталуын жалғастырады.

## Би музыкасын орындау

**1.** **«HOME» батырмасын басыңыз.**

Экранның бастапқы беті пайда болады.

**2.** **«DANCE» батырмасын басыңыз.**

Бұрын таңдалған би музыкасы моделінің нөмірі мен атауы көрсетіледі.




### ЕСКЕРТПЕ

- «Би музыкасы» режимі қосылғанда, метроном естіліп тұрған немесе стиль ойнатылып жатқан кезде, олардың ойнатылуы тоқтатылады.

**3.** **Диск реттегішін бұру арқылы композицияны таңдаңыз.**

- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бірінші нөмірдегі би музыкасының моделіне оралу үшін – және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




### ЕСКЕРТПЕ

- Модельдер тізімін «Би модельдерінің тізімі» бөлімінен қараңыз (KAZ-44 бет).
- Модель өзгерген кезде темп әдетте берілген модельге немесе басқа модельге ауысады.

**4.** **Фразалық модельдердің бас партиясының пернесін басу арқылы бас партиясын ойнатуды бастаңыз. Содан кейін оған партиялардың фразаларын келесі ретпен салу керек: соқпалы, синтезатор 1, синтезатор 2.**

Эмоционалды көтерілуді тудыратын басқа партияларды дәйекті түрде қосу арқылы бас партиясының моделін ойнату басталады.




### ЕСКЕРТПЕ

- Модельдерді ойнату ▶/■ батырмасын басу арқылы қосылады және өшіріледі.

**5.** **Партиялардағы фразаларын өзгерту, партияларды қосу және алып тастау арқылы алынған әртүрлі комбинацияларды қолданып ойнаңыз.**

- Эффектілер мен автоекпінді ауыстырып-қосқыштар модельдерді өзгертуге мүмкіндік береді.
- Дыбысталып тұрған фразалық модельге сәйкес келетін пернені басқан кезде фраза дыбысталуды тоқтатады.

## Би музыкасының темпін өзгерту

«Темпті беру» операциясы модельдің ойнату темпін өзгертуге мүмкіндік береді.

**1. «Би музыкасы» режимінде темпін өзгерту керек модельді таңдап, «TEMPO» батырмасын басыңыз.**

[TEMPO] экран беті пайда болады.

**2. Диск реттегішін бұру арқылы берілген темпіні өзгертіңіз.**

- Темп мәні 20—255 интервалында орнатылады.
- - және + батырмалары арқылы да мәнді өзгертуге болады. Темпті баяулату үшін - батырмасын, жылдамдату үшін + батырмасын басыңыз. Батырмалардың кез-келгенін ұзақ басу параметр мәндерін аударуды қамтамасыз етеді.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + пернелерін бір уақытта басыңыз.
- Би музыкасы моделінің нөмірі өзгерген кезде оның ұсынылған темпі де қалпына келтіріледі.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




## Би музыкасының дыбыс деңгейін өзгерту

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «Dance Volume» пунктін таңдаңыз.**

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы би музыкасының дыбыс деңгейін реттеңіз.**

- Дыбыс деңгейін 0-ден 127-ге дейін орнатуға болады.
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны - және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

## Би музыкасын ойнату кезінде пернетақта тембрін өзгерту

**1. Би музыкасын ойнату кезінде «HOME» батырмасын басыңыз.**

Дисплейде таңдалған тембр нөмірі және аспаптың атауы пайда болады.

**2. Диск реттегішін бұру арқылы тембрді таңдаңыз.**

- Тембрлер туралы ақпаратты «Тембрлер тізбесі» бөлімінен қараңыз (KAZ-40 бет).
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны - және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бірінші тембрге оралу үшін тембрлер тізбесінде - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




### ЕСКЕРТПЕ

- Егер «Би музыкасы» режимінде «Дауыс» параметрі қосылса (KAZ-23 бет), онда тембр нөмірін өзгерткен кезде тембрдің өзі осы параметрді өшіргеннен кейін ғана өзгереді.

## Ұсынылған тембрді қолдану

**1. «Би музыкасы» режимінде «FUNCTION» батырмасын ұзақ басып тұрыңыз.**

Қысқа мерзімді «RECOMMENDED» хабарламасы пайда болады, таңдалған модельге ұсынылған тембр беріледі.




**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер «Би музыкасы» режимінде «Дауыс» параметрі қосылса, онда тембр нөмірін өзгерткен кезде тембрдің өзі осы параметрді өшіргеннен кейін ғана өзгереді.

## „Би музыкасы“ режимінде дауысты қолдану

**1. «Би музыкасы» режимінде «VOICE» батырмасын басыңыз.**

«VOICE» индикациясы пайда болады, бұл әуенді-дауыстық пернетақтаның әуенді тембрден дауыстыға ауысқанын көрсетеді.

- Әуенді тембрге оралу үшін «VOICE» батырмасын тағы бір рет басыңыз.




**ЕСКЕРТПЕ**

- «Би музыкасы» режимінің дауыстарында транспозициялау және кідіріс мәндері көрсетілмейді.

## Эффектілерді қолдану

Модельді ойнату кезінде эффектілерді ауыстырып-қосқыштардың пернесін басу төмендегі эффектілердің бірін бүкіл композицияға қолдануға әкеледі.

| Пернетақта пернесі | Функция | Эффект, сипаттамасы |
|---|---|---|
| FX1 | MOD LPF*1 | Дыбыстық сигналдың жоғарғы жиілігін кесу. |
| FX2 | MOD HPF*2 | Дыбыстық сигналдың төменгі жиілігін кесу. |
| FX3 | FLANGER | Дыбыстық сигналға лүпілді эффектіні қолдану. |
| FX4 | LO-FI | Композицияның ажыратымдылығын төмендету. |

*1. Төменгі жиіліктің модуляциялық сүзгісі

*2. Жоғарғы жиіліктің модуляциялық сүзгісі

**ЕСКЕРТПЕ**

- Эффектіні қолдану кезінде дисплейде тиісті функцияның атауы көрсетіледі.
- Эффект тиісті перне басылған кезде қолданылады және оны жіберген кезде қолдануды тоқтатады.
- «MOD LPF» және «MOD HPF» эффектілерін қолдану сипаты темпке байланысты.
- Эффектілер бүкіл модельді ойнатуға қолданылады және жеке партияларға қолдануға арналмаған.

## Орындау кезінде шарықтау шегін құру

Модельдерді ойнату кезінде екпін функциясын қолдану би музыкасының эффектісін қолдануға және күшейтілімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

| Функция атауы | Сипаттамасы | Ескертпе |
|---|---|---|
| PITCH | Пернені басқан сайын композицияның жалпы дыбыс жоғарылығы өзгереді.«PITCH DOWN» пернесін басу дыбыс жоғарылығының жарты тонмен төмендеуіне, ал «PITCH UP» пернесін басу — оның жарты тонмен көтерілуіне әкеледі. | *1 |
| CHANGE | Ағымдағы композицияның фразалық моделі бірден ауыстырылады. | *1 |
| ROLL | Композицияның бір бөлігі кесіліп, қайталанады, жіңішке эффектілер орындауға қолданылады. | *2<br>*3 |
| FILTER | Дыбыстарды өшіретін (жоғарғы жиіліктерді кесу арқылы) немесе жарқын ететін (төменгі жиіліктерді кесу арқылы) эффектілер қолданылады. | *2<br>*3 |
| GATE | Композицияның «жіңішке кесу» эффектісі қолданылады. | *2<br>*3 |
| ENDING | Ағымдағы композиция әртүрлі эффектілерді қолдану арқылы аяқталады. | *2<br>*3 |

*1. Кейбір партияларда кейбір фразалық модельдер өзгермейді.
*2. Пернені әр басқан сайын эффектіні қолдану сипаты кездейсоқ өзгереді. Эффектілердің белгіленген қолдану ұзақтығы бар.
*3. «Би музыкасы» режимінде «Дауыс» параметрі қосылған кезде, дауыстық тембр эффектімен бірге автоматты түрде ойнатылады.

### ЕСКЕРТПЕ

- Екпін пернені басқаннан кейінгі бөлшектен басталады.
- Екпін эффектілері мен функциялары бір уақытта қолдануға арналған болса да, қазіргі уақытта қолданылатын эффект өшірілуі мүмкін.
- Екпін функциясын қолдану кезінде дисплейде тиісті функцияның атауы көрсетіледі.
- «ENDING» эффектісі қолданылған кезде, оның әрекеті аяқталғаннан кейін би музыкасын ойнату да аяқталады. «ENDING» эффектісін қолдану процесінде фразалық модельдің өзгеруі оның әрекеті аяқталғаннан кейін тек қайтадан таңдалған партияның ойнатылуын жалғастырады.

# Ырғақты сүйемелдеуімен ойнау

Бұл тарауда, қайда барсаңыз да, сізде өзіңіздің сүйемелдеу құрамыңыз бар сияқты сол қолмен аккордты алу арқылы аккомпанементті автоматты түрде кейінгі ойнатумен қажетті стильді таңдау реті түсіндіріледі.

- Автоаккомпанементтер төменде келтірілген партиялардан (аспаптар) тұрады:
  - ырғақ (перкуссия);
  - бас (бас аспаптары);
  - гармония (басқа аспаптар).

  Тек ырғақ партиясын ойнатуды да, барлық үш партияны бір уақытта ойнатуды да орнатуға болады.

## Ырғақ

Ырғақ партиясы - автоаккомпанементтің негізі. Синтезаторда көптеген стильдер «кіріктірілген», соның ішінде 8-бөлшекті және вальс ырғағы бар. Негізгі ырғақ партиясы төменде сипатталған ретпен ойнатылады.

## Ырғақты ойнату

1. **«HOME» батырмасын басыңыз.**
   Экранның бастапқы беті пайда болады.

2. **«RHYTHM» батырмасын басыңыз.**
   Бұрын таңдалған стиль нөмірі мен атауын көрсететін [RHYTHM] экран беті пайда болады.




### ЕСКЕРТПЕ

- Метроном дыбысы шыққан кезде немесе композицияны ойнату немесе «Би музыкасы» режимінде ойнату кезінде стильдің өзгеруі ойнатуды тоқтатады.

3. **Диск реттегішін бұру арқылы стильді таңдаңыз.**
   Дисплейде категория атауы пайда болады.
   - Стиль типтері туралы ақпаратты «Стиль тізімі» бөлімінен қараңыз (KAZ-45 бет).
   - Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
   - Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.



**4.** **►/■ батырмасын басыңыз.**
Метрдің көрсетілуімен ырғақты ойнату қосылады.




**5.** **Ырғақты ойнатуды тоқтату үшін ►/■ батырмасын тағы бір рет басыңыз.**

## Стильді ойнату темпін өзгерту

Тиісті темп төменде сипатталған ретпен орнатылады.

**1.** **[RHYTHM] экран бетінде темпін өзгерту керек стиль атауын таңдап, «TEMPO» батырмасын басыңыз.**
[TEMPO] экран беті пайда болады.

**2.** **Диск реттегішін бұру арқылы берілген темпті өзгертіңіз.**
- Темп мәні 20—255 интервалында орнатылады.
- – және + батырмалары арқылы да мәнді өзгертуге болады. Темпті баяулату үшін – батырмасын, жылдамдату үшін + батырмасын басыңыз.Батырмалардың кез-келгенін ұзақ басу параметр мәндерін аударуды қамтамасыз етеді.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + пернелерін бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




Ойнаған кезде пернетақтаның дыбыс деңгейі мен стилі арасындағы тепе-теңдікті реттеу төменде сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады.

**1.** **«FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «Rhythm Volume» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3.** **Диск реттегішін бұру арқылы стильді ойнатудың дыбыс деңгейін реттеңіз.**
- Дыбыс деңгейін 0-ден 127-ге дейін орнатуға болады.
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бастапқы мәнді қалпына келтіру үшін - және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




## Стилді ойнатудың дыбыс деңгейін өзгерту

**4.** **Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

### Стильді ойнату кезінде пернетақта тембрін өзгерту

**1.** **Стильді ойнату кезінде «HOME» батырмасын басыңыз.**
Дисплейде таңдалған тембр нөмірі және аспаптың атауы пайда болады.

**2.** **Диск реттегішін бұру арқылы тембрді таңдаңыз.**
- Тембрлер туралы ақпаратты «Тембрлер тізбесі» бөлімінен қараңыз (KAZ-40 бет).
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Бірінші тембрге оралу үшін тембрлер тізбесінде – және + батырмаларын бір уақытта басыңыз.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




## Ұсынылған стиль параметрлерін қолдану

Төменде сипатталған әрекет реті белгілі бір стиль моделіне сәйкес келетін тембр мен темпті қолдануға мүмкіндік береді.

**1.** **[RHYTHM] экран бетінде стиль атауын таңдап, «FUNCTION» батырмасын ұзақ басып тұрыңыз.**
Қысқа мерзімді «RECOMMENDED» хабарламасы пайда болады, ұсынылған стиль параметрлері орнатылады.




## Стиль моделін өзгерту

Төменде сипатталған әрекет реті кіріспе және аяқтама модельдерін, кірістірме модельдерін ойнату, сондай-ақ негізгі стиль модельдерін вариациялау арқылы стиль моделін жандандыруға мүмкіндік береді.
Автоаккомпанементтің әрбір моделінде негізгі, «кәдімгі» модель, сондай-ақ «вариациялық» модель бар. Бұл әдеттегіден өзгеше модельді ойнауға мүмкіндік береді.

**1.** **«Стиль» режимінде «PTRN» батырмасын басыңыз.**
Дисплейде «VAR2» белгісі пайда болады.
- «VAR1»экран бетіне оралу үшін «PTRN» батырмасын тағы бір рет басыңыз.




**2.** **►/■ батырмасын басыңыз.**
Таңдалған модельге сәйкес стильді ойнату қосылады.
- Егер стильді ойнату кезінде «PTRN» батырмасын бассаңыз, модельді ауыстыру келесі тактінің басында жүзеге асырылады.



## Қыстырма фраза қосу

«Кірістірме» — бұл пьесаның көңіл-күйін өзгерту үшін орындалған қысқа фраза. Кірістірме моделі екі әуен арасындағы байлам ретінде немесе екпін ретінде қолданылады.

**1.** **Стилді ойнату кезінде «PTRN» батырмасын басыңыз және модельді таңдаңыз.**

**2.** **«FILL-IN» батырмасын басыңыз.**

Кейбір модельдерде кірістірме енгізілген тактінің соңына дейін жалғасады. Ол ойнатылып тұрған кезде «FILL» индикациясы көрсетіледі.

- Кірістірменің келесі тактіде де жалғасуы үшін «FILL-IN» батырмасын жібермеңіз.
- Стиль ойнатылмаған кезде «FILL-IN» батырмасын басу кірістірме қосуға және стильді ойнатуды қосқаннан кейін оны бірден ойнатуға әкеледі. Егер бұл жағдайда стильді ойнатуды қоспас бұрын «FILL-IN» батырмасын тағы бір рет бассаңыз, кірістірме жойылады.




## Ырғаққа аккомпанементті қосу үшін аккорд алу

Аккордты сол қолмен алған кезде талап бойынша жиналатын өзіңіздің қосалқы сүйемелдеу тобыңыз бар сияқты стильдің таңдалған ырғағына автоматты түрде бас партиясы мен үйлесімділік қосылады.

**1.** **«Стиль» режимінде «ACMP» батырмасын басыңыз.**

Дисплейде «AC» индикакциясы пайда болады, пернетақтаның аккомпанемент (сол жақ) бөлігінде аккордтарды алу режимі қосылады.




**2.** **►/■ батырмасын басу арқылы ырғақты ойнатуды қосыңыз.**

**3.** **Пернетақтаның аккомпанемент бөлігіндегі пернені (пернелерді) басыңыз.**

Бас, гармония, ырғақ партиясынан емес басқа аспаптар естіледі.




### ЕСКЕРТПЕ

- Ырғақты ойнату тоқтатылған кезде аккордты алу ырғақты ойнату мен аккомпанементтің қатар қосылуына әкеледі.

**4.** **Әуенді оң қолыңызбен ойнағанда, сол қолыңызбен басқа аккордтарды алыңыз.**

**5.** **Аккомпанементті тоқтату үшін «ACMP» батырмасын тағы бір рет басыңыз.**

## Аккордты алу режимін таңдау

Төменде көрсетілгендей аккордты алудың 6 режимі бар.

- CASIO CHORD
- FINGERED 1
- FINGERED 2
- FINGERED ON BASS
- FINGERED ASSIST
- FULL RANGE CHORD

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «Chord Mode» пунктін таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы аккордтарды алу режимін таңдаңыз.**
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




### ■ CASIO CHORD

«CASIO CHORD» режимі төменде сипатталған аккордтардың 4 түрін жеңілдетілген әдіспен алуға мүмкіндік береді.

пернетақтаның аккомпанемент бөлігі



| Аккорд түрі | Мысал |
|---|---|
| **Мажор аккорды**<br>Пернетақтаның аккомпанемент бөлігінің үстіндегі белгілер сәйкес пернелерге тағайындалған аккорд аттарын көрсетеді.<br>Аккордтың атымен белгіленген аккомпанемент бөлігінің пернелері бірдей аккордтардың ойналуын қамтамасыз етеді. | C (до мажор)<br> |
| **Минорлы аккорд**<br>Мажор аккордына сай пернені және аккомпанемент бөлігіндегі бір пернені бір уақытта біріншіден оңға қарай басыңыз. | Cm (до минор)<br> |
| **Септаккорд**<br>Мажор аккордына сай пернені және аккомпанемент бөлігіндегі қалған екі пернені бір уақытта біріншіден оңға қарай басыңыз. | C7<br>(до-мажорлы септаккорд)<br> |
| **Минорлы септаккорд**<br>Мажорлы аккордқа сай пернені және аккомпанемент бөлігіндегі қалған үш пернені бір уақытта біріншіден оңға қарай басыңыз. | Cm7<br>(до-минорлы септаккорд)<br> |

### ЕСКЕРТПЕ

- Минорлы аккордты, сондай-ақ мажор немесе минорлы септаккордты пернетақтаның аккомпанемент бөлігінде ойнағанда қосымша пернелердің түсі маңызды емес.

### ■ FINGERED

Бұл режимде аккордтар пернетақтаның аккомпанемент бөлігінде әдеттегідей ойналады. Кейбір аккордтар қысқартылған түрде де: бір немесе екі пернені басу арқылы ойналатындығын ескеріңіз. Аккордтардың қандай түрлері және аккордтарды қалай ойнау керектігі туралы ақпарат алу үшін «Аккордтарды алу тәсілдерінің көрсеткіші» бөлімін қараңыз (KAZ-46 бет).

пернетақтаның аккомпанемент бөлігі



#### ● FINGERED 1

Пернетақтада аккорд құрайтын нота алынады.

#### ● FINGERED 2

«FINGERED 1» режиміне қарағанда мұнда алтыншы сатыны алу мүмкін емес.

#### ● FINGERED ON BASS

Пернетақтада аккорд құрайтын ноталар алынады. Бұл режим пернетақтадағы ең төменгі пернеге сәйкес келетін тәуелсіз бас аккорды алынады.

#### ● FINGERED ASSIST

«FINGERED 1» режиміне қосымша, төменде сипатталғандай, аккордтардың үш түрін алуға болатын тәсілдер бар.

| | |
|---|---|
| **Минорлы аккорд (Cm)** | Бір перне негізгі дыбыс ретінде және сол жақтағы жақын қара перне. |
| **Септаккорд (C7)** | Бір перне негізгі дыбыс ретінде және сол жақтағы жақын ақ перне. |
| **Минорлы септаккорд (Cm7)** | Негізгі дыбыс ретінде бір перне және сол жақтағы жақын ақ және қара пернелер. |

### ■ FULL RANGE CHORD

Бұл аккордты алу режимінде аккордтар мен әуендерді пернетақтаның барлық ауқымында ойнатуға болады.

пернетақтаның аккомпанемент-әуенді бөлігі



## Кіріспе немесе аяқтаманы кірістіру

Бірнеше тактідегі кіріспе немесе аяқтама моделін кірістіру төменде сипатталған тәртіппен жүзеге асырылады.

**1. «Стиль» режимінде «ACMP» батырмасын ұзақ басып тұрыңыз.**

Қысқа мерзімді «INTRO/ ENDING ON» хабарламасы, содан кейін «INTRO>V1» (ағымдағы модель) индикациясы пайда болады.

- «INTRO/ENDING OFF» хабарламасын көрсетумен кіріспе-аяқтама функциясын өшіру үшін «ACMP» батырмасын тағы бір рет ұзақ басыңыз.




**2. Модельді өзгерту үшін «PTRN» батырмасын басыңыз.**

«PTRN» батырмасын бірнеше рет басу мәндердің келесі реттілікпен ойнатылуын қамтамасыз етеді: «INTRO>V1», «INTRO>V2», «V1», «V2».

- «INTRO>V1» және «INTRO>V2» — кіріспелері бар модельдер.
- «V1» және «V2» — «VAR1» және «VAR2» қысқартулары




**3. ►/■ батырмасын басу арқылы стильді ойнатуды қосыңыз.**

Егер кіріспе бар модель таңдалса, ойнату кіріспеден басталады, ал ең соңында модельдің өзі естіледі.

- Стильді ойнатуды қосу тек ►/■ батырмасын басу арқылы ғана мүмкін емес. Сіз «ACMP» батырмасын басып, «AC» индикаторын көрсете аласыз. Бұл жағдайда аккордты алу аккомпанементпен кіріспені ойнатуды бастайды.
- Кіріспені тоқтату және модельдің өзін ойнату үшін «PTRN» батырмасын басыңыз.
- Ырғақты ойнату кезінде «INTRO>V1» немесе «INTRO>V2» моделін таңдау мүмкін емес екенін ескеріңіз.

**4. Аяқтаманың ойнатылуы қажет нүктеде ►/■ батырмасын басыңыз.**

Дисплейде «ENDING» индикациясы пайда болады. Аяқтама ойнатылып, стильді ойнату аяқталады.

### ■ [FUNCTION] экран бетінде бағдарламалау

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2. U және I батырмалары арқылы «Intro/Ending» пунктін таңдаңыз.**

- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Диск реттегішін бұру арқылы «On» таңдаңыз.**

- – және + батырмалары арқылы да нұсқаны өзгертуге болады. – батырмасын басу арқылы — «Off» нұсқасы, + батырмасын басу арқылы — «On» нұсқасы таңдалады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.




**4. Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

# Сыртқы құрылғыларды қосу




# Интеллектуалды аспаппен байлам („APP“ функциясы)

«APP» функциясы синтезаторды телефонға, планшетке, басқа интеллектуалды аспапқа қосылуға және төменде сипатталған әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді.

- Интеллектуалды аспапта орнатылған қосымшаны пайдаланып, синтезатордың дыбыстық процессорында музыкалық деректерді ойнату.
- Синтезатор пернетақтасында ойнаған кезде интеллектуалды аспапқа орнатылған қосымшаның оқу функцияларын қолдану.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- **Деректерді беру функциясын өшіру үшін интеллектуалды аспапта тиісті параметрлерді бағдарламалаңыз (авиарежим және т.б.).**
- **Интеллектуалды аспапты синтезаторға қосқан кезде USB баусымы мен дыбыстық баусымды бір уақытта қосуға болмайды.**

### ■ Интеллектуалды аспапқа арналған қосымшаны жүктеу

«CASIO» сайтынан «Chordana Play» қосымшасын жүктеп, оны интеллектуалды аспапта орнатыңыз.
https://support.casio.com/global/ru/emi/manual/CT-S300/

### ■ Интеллектуалды асаппен синтезатор байламы

**1. «Интеллектуалды аспапқа арналған қосымшаны жүктеу» (KAZ-30 бет) бөлігіндегі нұсқаулар бойынша интеллектуалды аспапта қосымшаны орнатыңыз.**

**2. Интеллектуалды аспаптың USB портын сатылымда бар USB баусымымен синтезатордың USB портына қосыңыз.**

- Интеллектуалды аспапты синтезаторға қосу интеллектуалды аспаптағы қосымшаның көмегімен әрекеттерді орындауға мүмкіндік береді. Мұндай әрекеттер туралы толық ақпаратты қосымшаның пайдаланушы құжаттамасынан қараңыз.

синтезатордың USB порты (Micro-B)




Micro-B қосқышы интеллектуалды аспап

## Компьютерге қосу және MIDI пайдалану

Синтезаторды компьютерге қосу олардың арасында MIDI мәліметтерімен алмасуға мүмкіндік береді. Синтезатор компьютерлік музыкалық бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен орындауды жазуға, сондай-ақ синтезаторда компьютерден берілген деректерді ойнатуға мүмкіндік береді.

### ■ Компьютерлік жүйенің минималды талаптары

Төменде MIDI деректерін қабылдау үшін компьютерлік жүйенің минималды талаптары келтірілген. Синтезаторды компьютерге қоспас бұрын, компьютердің осы талаптарға сәйкес келетіндігін тексеріңіз.

#### ● Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер

«Windows 7»*1
«Windows 8.1»*2
«Windows 10»*3
macOS (OS X, Mac OS X) 10.7, 10.8, 10.9, 10.10, 10.11, 10.12, 10.13, 10.14, 10.15

*1. «Windows 7» (32-, 64-биттік)
*2. «Windows 8.1» (32-, 64-биттік)
*3. «Windows 10» (32-, 64-биттік)

#### ● USB порты

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- **Синтезаторды жоғарыда айтылғандарға жатпайтын операциялық жүйесі бар компьютерге қоспаңыз. Мұндай қосылыс компьютердің жұмысын бұзуы мүмкін.**

**ЕСКЕРТПЕ**

- Қолдау көрсетілетін операциялық жүйелер туралы соңғы ақпаратты төменде келтірілген адрес немесе QR-коды бойынша қолжетімді сайттан алуға болады.
https://support.casio.com/global/ru/emi/manual/CT-S300/

### ■ Компьютерге қосу

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- **Қате қосылыс деректер алмасуының мүмкінсіздігіне әкелуі мүмкін. Міндетті түрде төменде сипатталған әрекет ретін сақтау керек.**

**1. Синтезаторды өшіріп, компьютерді қосыңыз.**

- Компьютердегі музыкалық бағдарламаны әзірге ашпау қажет.

**ЕСКЕРТПЕ**
ашыңыз!

**2. Синтезаторды компьютерге қосу үшін сатылымда бар USB баусымын пайдаланыңыз.**

- USB 2.0 немесе 1.1 деректер кабелін A типті MicroB жалғағыштары арқылы қосыңыз.

**3. Синтезаторды қосыңыз.**

- Компьютерге бірінші рет қосылу кезінде деректерді тасымалдауға қажетті драйвер автоматты түрде орнатылады.

**4. Компьютерде музыкалық бағдарламаны ашыңыз (сатылымда бар).**

**5. Компьютердегі музыкалық бағдарламада (сатылымда бар) MIDI құрылғысы ретінде «CASIO USB-MIDI» таңдаңыз.**

- MIDI құрылғысын таңдау туралы ақпаратты музыкалық бағдарламаның пайдаланушы құжаттамасынан қараңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- **Компьютердегі музыкалық бағдарламаны қоспас бұрын синтезаторды қосуды ұмытпаңыз.**
- **Композицияны ойнату кезінде деректерді жіберіп-қабылдай алмайсыз (KAZ-16 бет).**

## ЕСКЕРТПЕ

- Сәтті қосылымнан кейін компьютерді және (немесе) синтезаторды өшірген кезде USB кабелін ажыратудың қажеті жоқ.
- MIDI деректерімен алмасуға байланысты синтезатордың сипаттамалары мен қосылысы туралы толық мәліметтерді төменде келтірілген адрес немесе QR-коды бойынша қолжетімді сайтының ақпаратты жаңа қолдауынан қараңыз.
  https://support.casio.com/global/ru/emi/manual/CT-S300/

### ■ MIDI параметрлерін белгілеу

Төменде келтірілген MIDI параметрлері туралы ақпаратты «Параметрлер тізімі» бөлімінен қараңыз (KAZ-33 бет).

- MIDI шығару арнасы
- Шығыс MIDI хабарламасында октавалық жылжу
- Шығыс MIDI хабарламасында шабуыл жылдамдығы
- Кіріктірілген дыбыс көзі

## Аудиоаппаратураға қосу

Бұл синтезатор стерео жүйелерге, күшейткіштерге және қолжетімді жазба құрылғыларына қосылуға арналған. Синтезаторды портативті ойнатқыштан дыбысты шығару үшін де қолдануға болады немесе басқа құрылғыдан пернеде сүйемелдеп ойнауға қолдана алады.

### ■ Сыртқы құрылғыда синтезатор дыбысын ойнату

Қосылу үшін қолжетімді байланыстырушы сымдар қажет, оны сіз өзіңіз сатып алуыңыз керек.

- Байланыстырушы сымның бір жағында стереомини істікше, екінші жағынан сыртқы құрылғының шығыс ұяшығының түріне сәйкес келетін істікше болуы керек.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- **Қосар алдында сыртқы құрылғыны және синтезаторды өшіріңіз. Қуатты қосу немесе өшіру алдында синтезатордың және сыртқы құрылғылардың дыбыс деңгейін төмендетіңіз.**
- **Қосылғаннан кейін алдымен синтезаторды, содан кейін сыртқы құрылғыны қосыңыз.**
- **Егер сыртқы аудио құрылғы синтезатордан шығатын дыбысты бұрмаласа, синтезатордың дыбыс деңгейін төмендетіңіз.**




### ■ Сыртқы құрылғыдан дыбыстық сигналды синтезаторда ойнату

Қосылу үшін қолжетімді байланыстырушы сымдар қажет, оны сіз өзіңіз сатып алуыңыз керек.

- Байланыстырушы сымның бір жағында 3 полюсті стереомини істікше, екінші жағынан сыртқы құрылғының шығыс ұяшығының түріне сәйкес келетін істікше болуы керек.
- Сыртқы құрылғыдан дыбыстық сигналды синтезаторда ойнату кезінде дыбыс деңгейі сыртқы құрылғыдағы басқару органдарымен реттеледі. Бұл жағдайда синтезаторда ол реттелмейді.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- **Синтезаторды қоспас бұрын оны өшіріңіз. Қуатты қосу немесе өшіру алдында синтезатордың және сыртқы құрылғылардың дыбыс деңгейін төмендетіңіз.**
- **Қосылғаннан кейін алдымен сыртқы құрылғыны, содан кейін синтезаторды қосыңыз.**
- **Егер синтезатор сыртқы құрылғыдан шығатын дыбысты бұрмаласа, синтезатордың дыбыс деңгейін төмендетіңіз.**



# Функцияларды бағдарламалау

## Параметрлерді орнату

Параметрлерді орнату төменде сипатталған ретпен орындалады.

**1.** **«FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.




**2.** U **және** I **батырмалары арқылы параметрді таңдаңыз.**
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.

**3.** **Диск реттегішін бұру арқылы параметр мәнін өзгертіңіз.**
- Нұсқаны таңдау үшін диск реттегішін бұрағаннан кейін оны – және + батырмаларының көмегімен өзгерту мүмкіндігі пайда болады.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «BACK» батырмасын басыңыз.

**4.** **Баптаушы экран бетін жабу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

## Параметрлер тізімі

| Функция атауы | Сипаттамасы | Дисплейдегі атауы | Нұсқалары |
|---|---|---|---|
| Транспозициялау | Жарты тон қадамымен жалпы дыбыс жоғарылығын көтеру және төмендету. Бұл функция, қиын үндестікте жазылған пьесаны оңай орындау үшін, үндестікті көтеруге және төмендетуге, сондай-ақ, вокалшыға, басқа музыкалық аспап үшін лайықты үндестікті таңдауға мүмкіндік береді. | Transpose | -12—0—+12 |
| Динамикалық сезімталдық | Пернені басу күшіне байланысты дыбыс деңгейін өзгерту ерекшелігін орнату. | Touch Response | Off, Light, Normal |
| Реверберация | Реверберацияның пайдаланылатын типін орнату. | Reverb | Off, Room 1, Room 2, Room 3, Room 4, Hall 1, Hall 2, Hall 3, Hall 4, Stadium 1, Stadium 2 |
| Басқыш | Басқышқа демпферлік басқыш функциясын беру. Басқыш дыбыстарды ұзартуға және орындау барысында басқа эффектілерді қолдануға қызмет етеді. | Pedal | Pedal Sustain, Sostenuto, Soft, Start/Stop |
| Тон жоғарылығының ауытқу диапазоны | Дөңгелектің жарты тонға қадаммен максималды айналуы кезінде тон жоғарылығының ауытқу шамасын реттеу. | PitchBendRange | 0—12 |
| Кіріспе, аяқтама | Стильді ойнатуды қосқан кезде — кіріспені қосу, ал тоқтатқан кезде —аяқтаманы қосу. | Intro/Ending | «Off», «On» |
| Аккордты алу режимі | Аккордты алу режимін орнату. | Chord Mode | CASIO Chord, Fingered 1, Fingered 2, Fingered on Bass, Fingered Assist, Full Range Chord |
| Стильдің дыбыс деңгейі | Стильдің дыбыс деңгейін реттеу. | Rhythm Volume | 0—127 |
| Стильдің дыбыс деңгейін реттеу | Композицияның дыбыс деңгейін реттеу. | Song Volume | 0—127 |

| Функция атауы | Сипаттамасы | Дисплейдегі атауы | Нұсқалары |
|---|---|---|---|
| Би музыкасының дыбыс деңгейі | Би музыкасының дыбыс деңгейін өзгерту. | Dance Volume | 0—127 |
| Күйге келтіру | Бірінші октаваның ля нотасының жиілігін 0,1 Гц қадаммен өзгерту арқылы синтезатордың жалпы дыбыс жоғарылығын дәл күйге келтіру. | Tuning | 415,5—440,0—465,9 |
| MIDI арнасын шығару | MIDI хабарламаларын шығаруға арна орнату. | MIDI Out Ch | 1—16 |
| Шығыс MIDI хабарламасында октавалық жылжу | Октаваға дейін дәлдікпен «Нота» шығыс MIDI-хабарламасында перне нөмірін орнату. | MIDIOutOctShift | -3—0—+3 |
| Шығыс MIDI хабарламасында шабуыл жылдамдығы | «Нотаны қосу» шығыс MIDI хабарламасында шабуыл жылдамдығын орнату. | MIDIOutVelocity | Off, 1—127 |
| Іске қосылғаннан кейінгі дыбыс деңгейі | Іске қосылғаннан кейін дыбыс деңгейін орнату. | PowerOnVolume | 1—10 |
| Аспапты қосқан кезде «Менің баптауларымды» жүктеу | Функция қосулы болған кезде, синтезаторды қосқанда «Менің баптауларымнан» параметрлер автоматты түрде орнатылады. | PowerOnMySetup | «Off», «On» |
| Кіріктірілген дыбыс көзі | Функция қосулы болған кезде, синтезаторда ойнағанда шығарылатын дыбыстар өшіріледі. | Local Control | «Off», «On» |
| Автоматты түрде өшіру | Автоматты түрде өшіру функциясын қосу немесе өшіру. | Auto Power Off | «Off», «On» |
| Батареялар | Пайдаланылатын батарея типтерін орнату. | Battery | «Alkaline», «Ni-MH» |
| СКД контрасты | Дисплейдің контрастын реттеу. | LCD Contrast | 1—12 |
| Инициализациялау | Әдепкі қалпы бойынша барлық күйге келтіру параметрлерінің зауыттық мәндерін қалпына келтіру. | Initialize | |
| Редакция туралы ақпарат | Редакция туралы ақпаратты көрсету. | Version | |

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- **Аспапты өшіріп, оны қайта қосу тембр және басқа параметрлерді әдепкі қалпы бойынша бастапқы мәндеріне қайтарады (KAZ-7 бет).**
- **Төменде келтірілген параметрлерді күйге келтіру аспап өшірілген кезде де сақталады.**
  - **MIDI шығару арнасы**
  - **Шығыс MIDI - хабарламасында октавалық жылжу**
  - **Шығыс MIDI - хабарламасында шабуыл жылдамдығы**
  - **Іске қосылғаннан кейінгі дыбыс деңгейі**
  - **Іске қосылғаннан кейінгі «Менің баптауларым»**
  - **Автоматты түрде өшіру**
  - **Батарея типтері**
  - **СКД контрасты**

## Әдепкі қалпы бойынша параметрлердің бастапқы зауыттық мәндерін қалпына келтіру

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «Initialize» «Initialize» пунктін таңдаңыз.**




**3. «ENTER» батырмасын басыңыз.**
Дисплейде «Sure?» сұратымы пайда болады.




**4. «YES» батырмасын басыңыз.**
Инициализация аяқталғаннан кейін дисплейде бірнеше секунд ішінде «GOINGTO RESTART» хабарламасы пайда болып, синтезатор қайта іске қосылады.




## Редакция туралы ақпаратты тексеру

**1. «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**
[FUNCTION] экран беті пайда болады.

**2.** U **және** I **батырмалары арқылы «Version» пунктін таңдаңыз.**
Редакция туралы ақпарат көрсетіледі.
- Алдыңғы экран бетіне оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.




**3. Шығу үшін «FUNCTION» батырмасын басыңыз.**

# Анықтамалық ақпарат

## Ақаулықтарды іздеу және түзету

| Ақау белгісі | Қабылданатын шаралар |
|---|---|
| **Қоса берілген жабдықтар** | |
| Қаптаманы ашқан кезде жинақтан кейбір жабдықтарды табу мүмкін емес. | Барлық қаптамалардың ішін мұқият тексеріңіз. |
| **Электр қуатына қойылатын талаптар** | |
| Аспап қосылмайды. | • Айнымалы ток адаптерін, сондай-ақ батареялардың дұрыс орнатылуын тексеріңіз (KAZ-4 бет).<br>• Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерінің қуатына ауысыңыз (KAZ-4 бет). |
| Қатты дыбыс шыққаннан кейін синтезатор кенеттен өшіп қалады. | Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерінің қуатына ауысыңыз (KAZ-4 бет). |
| Шамамен 30 минуттан кейін синтезатор кенеттен өшіп қалады. | Автоматты түрде өшіру функциясын өшіріңіз (KAZ-8 бет). |
| **Дисплей** | |
| Дисплей үнемі қарайып кетеді немесе жыпылықтай береді. | Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерінің қуатына ауысыңыз (KAZ-4 бет). |
| Дисплейдегі индикация белгілі бір бұрышта ғана ажыратылады. | Бұл синтезатор өндірісіндегі шектеулерге байланысты. Бұл ақаулық емес. |
| **Дыбыс** | |
| Пернетақта пернесін басқанда ештеңе болмайды. | • Дыбыс деңгейін реттеңіз (KAZ-8 бет).<br>• Синтезатордың артқы жағындағы «PHONES/OUTPUT» ұяшығына басқа нәрсе қосылмағанын тексеріңіз.<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет). |
| Пернетақтаның аккомпоненттік бөлігінде (сол жақта) ойнаған кезде, пернелер әдеттегідей естілмейді немесе шықпайды. | «ACMP» батырмасын басу арқылы пернетақтаның аккомпанемент бөлігі көмегімен аккордтарды енгізуді өшіріңіз (KAZ-27 бет). |
| Автоаккомпанемент қосылған кезде ештеңе болмайды. | • 76 және 77 стильдер жағдайында аспап пернетақтада аккордты алған кезде ғана естіледі. Аккордты алып көріңіз (KAZ-27 бет).<br>• Стильдің дыбыс деңгейін тексеріп, реттеңіз (KAZ-25 бет).<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет). |
| Композицияның автоаккомпанементі қосылған кезде ештеңе болмайды. | • Батырманы басқаннан кейін біраз уақыттан кейін композиция ойнай бастайды. Ойнай бастағанша күтіңіз.<br>• Композицияның дыбыс деңгейін тексеріп, реттеңіз (KAZ-17 бет).<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет). |
| Метроном дыбысы шықпайды. | • Метрономның дыбыс деңгейін тексеріп, реттеңіз (KAZ-9 бет).<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет). |
| Ноталар тоқтаусыз ойнайды. | • Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет).<br>• Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерінің қуатына ауысыңыз (KAZ-4 бет). |
| Кейбір ноталар үзіліп қалады. | Дыбыстық ноталардың үзілуі, олардың саны полифониямен анықталған ноталардың максималды санынан асып кеткен кезде болады (48, кейбір тембрларда — 24). Бұл ақаулық емес. |
| Орнатылған дыбыс деңгейі немесе тембр өзгерді. | • Дыбыс деңгейін реттеңіз (KAZ-8 бет).<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет).<br>• Батареяларды жаңасына ауыстырыңыз немесе айнымалы ток адаптерінің қуатына ауысыңыз (KAZ-4 бет). |

| | Ақау белгісі | Қабылданатын шаралар |
|---|---|---|
| | Белгілі бір дыбыс деңгейінде және нотаның дыбыс тембрінде пернетақтаның бір бөлімінде ойналатын ноталар, басқа бөлімде ойналатын дыбыстардан өзгеше естіледі. | Бұл жүйенің шектеулеріне байланысты және ақаулық екенін білдірмейді. |
| | Пернетақтаның шеткі регистрлерінде көрші октавалардағы кейбір тембрлер бірдей естіледі. | Бұл жүйенің шектеулеріне байланысты және ақаулық екенін білдірмейді. |
| | Басқа аспаптармен бірге ойнағанда синтезатор олармен дыбыс жоғарылығы бойынша сәйкес келмейді немесе олар біртүрлі естіледі. | • Транспозициялау мөлшерін (KAZ-13 бет)және аспап күйін тексеріп, реттеңіз (KAZ-13 бет).<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет). |
| | Ноталардың реверберациясы кенеттен өзгереді. | • Реверберацияны күйге келтіру параметрін тексеріп, реттеңіз (KAZ-12 бет).<br>• Барлық күйге келтіру параметрлерін инициализациялау үшін синтезаторды өшіріп, қайта қосыңыз (KAZ-7 бет). |
| **Компьютерге қосу** | | |
| | MIDI-деректерді көшіру орындалмайды. | • USB кабелінің синтезаторға және компьютерге жалғанғанын және компьютердегі музыкалық бағдарламада дұрыс құрылғы таңдалғанын тексеріңіз (KAZ-31 бет).<br>• Синтезаторды өшіріп, компьютердегі музыкалық бағдарлама жасақтамасынан шығыңыз. Синтезаторды қайтадан қосып, компьютердегі музыкалық бағдарлама жасақтамасын қайта іске қосыңыз. |

